

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/CEQT4278>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/SFMH7356>

***Б. М. Сүйерқұл¹, М. А. Уайханова²**

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

²Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

«ТӘРЖУМАНДАҒЫ» СОМАТИЗМДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚОРЫМЫЗДАҒЫ КӨРІНІСІ

Қоғам өмірінің ажырамас бір бөлігі саналатын тілді адамзат тарихының айнасы деуге болады. Себебі тілдік бірліктер этнос дамуының әр кезеңіндегі өзгерістер мен жаңалықтарды тап басып таңбалап отырады. Уақыт ағымына сәйкес қолданыстан шығып қалған көптеген заттар мен құбылыстарға қатысты ақпаратты олардың тілде сақталып қалған атауларынан білеміз. Әсіресе, күллі тіршілік иелерінің ішінен адам баласын ерекшелеп, «Кім?» деген сұрақты еншілеп берген түркі халықтарының жазба мұраларына назар аударсақ, көптеген қызықты мағлұмат аларымыз даусыз. Онда қатталған тілдік деректер қазіргі ғылымда басымдық беріліп отырған антропоөзекті парадигмаға сәйкес тілді оны қолданушы адамның өзін тану бағытында зерделеу тұрғысынан алғанда маңызды рөл атқарады.

Сөздік құрамының негізгі бөлігіне жататын соматизмдерді зерттеу тіл мамандары үшін ғана емес, медицина, физиология, психология, антропология, археология саласындағы ізденушілер үшін де маңызды. Себебі соматизмдердің қатысуымен жасалған түрлі фразеологиялық, паремиологиялық бірліктерде белгілі бір дәрежеде ұлттық менталитетіміз, сан ғасырлық тарихы бар дүниетанымымыз да көрініс табады. Сондай-ақ соматизмдер арқылы жасалған тұрақты тіркестерді тіліміздің байлығын танытатын деректер ретінде қарастыру мақала тақырыбының өзектілігін көрсетеді. Осымен байланысты автор орта ғасыр жазба ескерткіші «Китаб Тардәжумандағы» соматизмдерді қазіргі қазақ тілі материалымен салыстыра зерттеуді мақсат еткен.

Мақалада жазба ескерткіште кездесетін соматизмдерге лексика-семантикалық сипаттама беріледі, олардың қазіргі қазақ тіліндегі нұсқалары, олардың қатысуымен жасалған тұрақты тіркестер салыстырыла талданады.

Кілтті сөздер: Тәржұман, жазба ескерткіш, соматизм, фразеологизм, тұрақты тіркес.

Кіріспе

Жазба мұрағаттар тілі қазіргі әдеби тіліміздің іргетасы, қайнар бастауы десек, қателеспейміз. Орта ғасырлық әдеби жазба ескерткіштер мен сөздіктердегі тілдік материал қазіргі ауызша және жазбаша сөзжұмсамнан ерекшеленгенімен, олардың арасында сабақтастықтың бары айқын.

Жазба жәдігерліктер тілі мен қазақ тілінің сөздік құрамында айырмашылықтан ұқсастық басым, оған тарихи көркем мәтіндердегі бейнелеуіш-көркемдеуіш тәсілдер арқылы жасалған түрлі сөз оралымдарын қазіргі фразеологиялық-паремиологиялық қорымыздағы баламаларымен салыстырғанда көз жеткіземіз. Бұл туралы қазақ ғалымдары былай дейді:

«Ұлттың тарихын, тілін зерттеуде мол мағлұмат беретін жазба ескерткіштер ғана. Тіл тарихын зерттеу – ұлт тарихын зерттеу. Қыпшақ тілдерін зерттеу саласы, әдетте шығыстану ғылымында медиевистикада (орта ғасыр дәуірін зерттеу ғылымында) «қыпшақтану» деп аталады. Қыпшақтанудың басты бұлағы – тіл. Бабалары қыпшақ тілінде сөйлеген бүгінгі қазақтардың, оның ішінде тіл мамандарының басты міндеті қыпшақтану саласын өркендету. Орта түркі тілін қазақ тілімен сабақтастыра тарих қойнауынан бүгінге қарай зерделегенде, өзінің үздіксіз өзгеруімен бірге тұрақтылығын да сақтап отыратын тілдің даму диалектикасы айқын көрінеді. Өйтпеген жағдайда тілдің коммуникативтік қызметі жүзеге аса алмас еді... Тіл – халықтың мәңгі ажырамайтын бөлінбес бөлшегі, өзіне тиесілі меншігі. Ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа, атадан балаға беріле отырып сақталатын, өсіп-көркейетін, еш уақытта жұтпайтын, жоғалмайтын халық қазынасы тіл екендігі жазба мұрағаттарды бүгінгі тірі тілдермен салыстыра зерттегенде анық байқалады» [1, б. 216].

Сондықтан орта ғасыр жазба ескерткіші «Китаб Тарджумандағы» соматизмдерді онымен дәуірлес әдеби мұралардағы сөз өрнектерімен және қазіргі қазақ тіліндегі балама нұсқаларымен салыстырамыз.

Материалдар мен әдістері

Зерттеуде жинақтау, саралау әдісімен қатар тарихи-салыстырмалы, лексика-семантикалық, этнолингвистикалық, прагмалингвистикалық талдау әдістері қолданылады.

Тіл білімінде дене мүшелері атауларына байланысты көптеген зерттеулер жүргізіліп, ғылыми еңбектер жарық көрген. Академик Ә.Қайдар «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты этнолингвистикалық сөздігінде адамның түр-тұлғасы, бой-тұрқына қатысты атауларды жеке, дене кемістіктерін білдіретін сөздерді бөлек [2, б. 196-207], сондай-ақ дене мүшелері мен одан өсіп шығатын және бөлінетін заттарға дейін атын атап, түсін түстеп, жан жақты сипаттама берген [2, б. 393-418]. Ондағы санамаланған атаулардың басым бөлігі қазіргі кезде сөздік қордың пассив бөлігінде екені мәлім, сондықтан олардың мән-мағынасын бүгінгі тілдік ұжым мүшелерінің бәрі бірдей біле бермейді. Алайда тіліміздің дамуы тұрғысынан алғанда мұндай тілдік деректерді тарихи салыстырмалы зерттеу барысында қолданудың маңызы зор. Сондықтан көрнекті ғалымның бұл еңбегін тіліміздің жеті-сегіз ғасыр бұрынғы күй-қалпын анықтау үшін ұтымды пайдалануға тиіспіз.

Сондай-ақ дене мүшелері атауларына байланысты салғастырмалы зерттеулердің көбірек жүргізілгендігі назар аудартады. З. М. Хамизова кабарды-черкес тіліндегі «жүрек», «бас» және «жан» соматизмдерінің қатысуымен жасалған фразеологиялық бірліктерді олардың ағылшын тіліндегі баламаларымен салғастыру арқылы екі халықтың дүниетанымындағы кейбір ұқсастықтар мен көптеген айырмашылықтарды анықтаған [3]. Р. О. Шейхова авар тіліндегі «бас» және «жүрек» соматизмдерінің қатысуымен жасалған фразеологиялық бірліктерді орыс тіліндегі нұсқаларымен салғастыра зерттеген [4]. А. Г. Абрамова жүйесі бөлек орыс және чуваш тілдеріндегі «жүрек» және «көз» соматизмдерінің қатысуымен жасалған фразеологиялық бірліктердің семантикалық ерекшеліктерін және когнитивтік моделін арнайы қарастырған [5]. А. Б. Нұржанова «Дүниенің қарабайыр бейнесі: фразеологиялық фрагменттің соматикалық коды» деген еңбегінде қазақ тіліндегі ғалам бейнесін фразеологизмдерде қатталған мағына арқылы ашуға талаптанған [6].

Нәтижелер және талқылау

Қазіргі түркі халықтарына ортақ мұра саналатын «Китабу маджму' тарджуман турки уә а'джами уә муғули уә фарси» ескерткішінде дене мүшелері туралы мағлұмат едәуір қамтылған. Еңбектің жазылған уақытына қатысты 1245 жылы 28 қаңтарда (кейбір деректерде 1343 ж.) аяқталғаны жөнінде дерек бар. Сөздік Хажы Мәуләнә Кемал әд-Диннің кітапханасына арналып жазылған. Еңбектің түпнұсқасы Голландиядағы Лейден академиялық кітапханасында (№517) сақтаулы [7]. 1970 ж. қазақ ғалымы Ә. Құрышжанов «Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. Тюркско-арабского словаря» атты еңбегінде М. Т. Хоутсманың зерттеуін басшылыққа ала отырып, сөздікті кешенді түрде зерттеп, орыс тіліне аударған [8]. Аталмыш еңбекті белгілі қыпшақтанушы

А. Н. Гаркавец арнайы зерттеген [9]. Көрнекті ғалым Р. Топарлы «Китаб Тарджуманды» қазіргі түрік тіліне аударып, ғылыми жұртшылыққа кеңінен танылуына үлкен үлес қосты [10].

Орта ғасыр жазба ескерткіштерінде кездесетін сөздердің басым бөлігі бүгінде дамып, толысып, белгілі бір жүйеге түсіп қалыптасқан қазақ тілінің сөздік құрамына кіреді. Сондықтан оларды қазіргі лексикамызбен сабақтастықта қарастырудың маңызы зор. Профессор Б. Сағындықұлының жетекшілігімен жүргізілген зерттеу нәтижесінде жарық көрген ұжымдық монографияда V-XV ғасыр аралығындағы бірқатар түркі-қыпшақ ескерткіштерінен терілген мысалдар беріліп, олардың қай жазба мұраға тән екендігі көрсетілген. Авторлар «Қазақ тіліне ешқандай дыбыстық өзгеріске ұшырамай жеткен байырғы сөздерді өз ішінен екіге бөледі: а) қазақ тіліндегі сөздермен сыртқы пішіні де, мағынасы да сәйкес келетін сөздер; ә) сыртқы пішіні сәйкес келгенімен, ішкі мазмұн-мағынасы өзгеріске түскен сөздер [1, б. 124].

Ескерткіштерде ең көп қолданылған сөздер – зат есімдердің лексика-семантикалық өрісі өте кең. Қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда тұлғалық жағынан да, мағынасы жағынан да толық сәйкес келетін зат есімдердің көбірек сақталған түрінің бірі – *адамның дене мүшелеріне байланысты атаулар*. Мұндай атаулардың жалпы саны – 27. Бір ғана дене мүшелеріне қатысты осыншалық атаудың қазіргі қазақ тілімен толық сәйкес келуінің өзі сонау көне замандардың өзінде-ақ тіліміздің ірге тасы қаланғандығының, қалыптаса бастағандығының айғағы» деген тұжырымға келген [1, б. 126]. Сонымен көне дәуірлерден қазіргі заманға дейін ешбір өзгеріссіз жеткен соматизмдерге назар аударайық:

«Адамның дене мүшелеріне байланысты атаулар: *Айа* (алақан) МҚ; *айақ* Таф.І, ЫХ, Атт; *арқа* ДТД, Орх, МҚ, ХШ, НФ, Г, Таф.І; *бас/баиш* ДТД, СДЕ, Орх, Е,Т; *бармақ* ҚБ, МҚ, Г, НФ, ХШ, Таф.І; *бел* ДТД, Эл, МҚ, Таф.І, КК; *көз* ДТД, БҚ, ҚБ, МҚ, ЫХ, ХШ, Таф.І, НФ, Мн, Г; *қабак* НФ, КК; *қазы* МҚ; *қан* ДТД, Орх, Е, Т, МҚ, ҚБ, ЫХ, Атт, ХШ, НФ, Мн, Г, КК, Таф.І; *қар* ДТД, Т, МҚ, ЫХ; *қарақ* Мн, ХШ; *қарын* ҚБ, МҚ, Г, ХШ, НФ, Таф.І, Атт; *қол* ДТД, Е, ҚБ, МҚ, ЫХ, НФ, ХШ, Таф.І, Атт; *қолтық* МҚ; *мең* МҚ, ЫХ, Мн, ХШ, Таф.І; *өт* МҚ, НФ, ХШ; *сақал* ҚБ, Г, НФ, Таф.І; *сан* ЫХ; *сіңір* Таф.І; [1, б. 126].

Ұжымдық монографияда келтірілген бұл соматизмдер түгелге жуық «Китаб Тарджуман...» жазба ескерткішінде де кездеседі. Бұл жәдігерлікте орта ғасырлардағы қыпшақ тілінің лексикалық құрамы «есімдер/атаулар» және «етістіктер» деп үлкен екі топқа бөлінген. Сөздіктің есімдерге арналған бірінші бөлімі едәуір көлемді болып саналады және жоғарыда айтылғандай лексика-семантикалық мағынасына қарай 26 бөлімге жіктелген атаулардан тұрады. Екінші бөлім араб әліпбиінің ретімен берілген етістіктерден тұрады.

Сондықтан сөздіктің бірінші бөлімі *тақырыптық топтар* бойынша жүйеленген, ал екіншісі *әліпби ретімен* бөлінген деуге болады. Екі бөлімде де араб сөздері түркі тіліндегі нұсқасынан бұрын келеді. Тек жалқы есімдерге арналған 22-бөлімде ғана керісінше, түркі сөздері араб тіліндегі нұсқасынан бұрын жазылған.

Біз талдағалы отырған дене мүшелері атаулары сөздіктің он алтыншы бөлімінде ұсынылған. Іштей – *адамның сыртқы келбеті және ішкі, сыртқы мүшелері* туралы бөлімшелерге жіктеледі. Онда орта ғасырларда түркі тілдерінде белсенді қолданылған 89 соматизм берілген. Оның 69-ын автор сыртқы органдар, яғни көзге көрінетін дене мүшелерінің атаулары деп түсіндіреді:

Ағыз – زُغْ – ауыз; *адсыз бармақ* – زُنَى سُنْدَا قَمْرَبْ – атсыз /аты жоқ/ саусақ; *адым* – مَدَا – адым. Нақтылай кетер болсақ, қазіргі сөзжұмсамада бұл лексема дене мүшесінің (аяқ) емес, ол арқылы жасалатын қимыл-әрекетке қатысты өлшем атауын білдіреді. Қазіргі тілімізде оның «қадам, қадым» деген нұсқалары да белсенді қолданылады; *Азығ* – اَغِي زَا – азу тіс; *айа* – اَيَا – алақан. Бұл сөз қазіргі қазақ тілінде дербес жұмсалмайды, негізінен «алақанның аясы», «алақанына салып, аялап отыр» сияқты тұрақты тіркестердің құрамында қолданылады. Яғни лексеманың атау ретіндегі семантикалық шеңбері біршама тарылған, бірақ «-ла» жұрнағы арқылы одан жасалған етістік сөздік қорымызда белсенді жұмсалады. Тіпті осы түбірдің қатысуымен жасалған антропонимдердің де жиі кездесетіні назар аудартады: Аяжан, Аябек; *айақ* – اَيَا قَا – аяқ /айақ/; *алын* – اَلْا – маңдай. Бұл сөз қазіргі қазақ тілінде қолданыста жоқ, орта ғасырларда ол білдірген мағына қазіргі әдеби тілімізде «маңдай» лексемасына артылған. Еліміздің кейбір аймақтарында оның «маңлай» деген фонетикалық варианты белсенді жұмсалады. Бұл нұсқаны да диахронды тіл білімі тұрғысынан жаңа сөздер қатарына жатқыза алмаймыз. Себебі ол «Тәржұманмен» дәуірлес «Кодекс Куманикус» пен «Китаб Ат-тухфада» да кездеседі:

Маңлай КК – маңдай. л~д. [11, б. 273]; **Маңлайы** Атт. – маңдай (Атт. 10612) л~д. [11, б. 318].

Аиғақ – اَيَغْشَا – сіңір; *әйін* – اَيِنَا, әгін – اَيِنَا, *омуз* – زُوْمُ – иық / иін; *балтыр* – رُطْلَبْ – балтыр; *бармақ* – قَمْرَبْ – бармақ / саусақ. Қазіргі қазақ тілінде бұл соматизмнің мағыналық шеңбері тарылған, ол қолдағы бес саусақтың біріншісін ғана білдіреді: *бас бармақ*. Ал орта ғасырларда оның жалпы «саусақ» мағынасында жұмсалғанын «Түркіше Гүлістан», «Жұмаққа жол» және «Хұсрау мен Шырын» шығармаларынан көреміз:

Бармақ Г, НФ, ХШ – бармақ, саусақ.

Тең әрмәз елдә он бармақ бил аны. Қолдағы он саусақ бірдей емес, біл оны (ХШ 3669) [11, б. 257]. Бұл үзіндінің баламасын қазіргі паремиологиялық

қорымыздағы «Бес саусақ бірдей емес» деген мәтелден көреміз. Осы тұста бала кезімізде естіген мына аңызға тоқтала кетуді жөн санадық:

Бес саусақ әуел баста бойлары бірдей бес адам болған деседі. Бір күні олардың басшысы «ұрлық қылайық» деп ұсыныс жасайды. «Қылсақ, қалайық!» деп екіншісі оны қостай кетеді. Иманы бар үшіншісі «Құдайды қайтеміз?» деп қорқынышын білдіреді. «Құдай бізді қайтер дейсің?» деп төртіншісі немқұрайдылық танытады... «Құдайдың ала танасын ұрлайық!» деп бесіншісі сып ете қалады. Мұның барлығын «естіп, біліп, көріп отырған» Жаратушы оларды бір сәтте тәубесіне түсіріпті, яғни әрқайсысының бойын ойына, ниетіне сай қысқартып тастапты...

Сөйтіп, қасындағы жолдастарын жаман әрекетке итермелеп, ұрлыққа бастамақ болған біріншісін ең қысқа қалыпқа түсіріп, өзгелерінен оқшаулапты. Бастаманың байыбына бармай, сабырсыздық танытып, оны қостай жөнелген екіншісінің бойын біршама қысқартыпты. Жасаған иесін ойлап, байыптылық танытқан үшіншісіне разы болғандықтан, бойына тиіспей, жан-жағындағыларды бақылап, бағдарлай алатындай етіп, ортаға орналастырыпты. Ұрлық жасаған күнде де Құдайдың мейіріміне үміт артып, күнәсі кешірілетініне сеніп тұрған төртіншісінің бойы да біршама қысқартылыпты. Ал бәрін естіп, біле тұра, Жаратушының қақысына кірмек болған сорақылығы үшін бесіншісінің бойын ең төмен қалыпқа түсіріпті. Осылайша бес адамның иманы мен пендешілігі бес түрлі деңгейде болатындығы туралы мифтік санамыздағы түсінік тілдік санамызда «Бес саусақ бірдей емес» деген мәтелмен түйінделген екен.

Дана бабаларымыз оңы мен солын танып үлгермеген жас баланы жаман қылықтан, адамшылыққа жат әрекеттен тыю мақсатымен жоғарыдаа баяндалған аңызды сәбидің басынан сипап, қолынан ұстап, бес саусағын санай отырып айтып беретіні тіпті тамаша, дидактикалық мәні зор әдіс деуге болады. Міне, көрнекілік, міне, көрегендік!

Ілгеріде әжелеріміз бәрімізге етене таныс «Қуыр, қуыр, қуырмаш...» пен «Бас бармақ, балаң үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек...» деп басталатын санамақтан кейінгі кезекте осы аңызды айтып, балаға жақсы мен жаманды, ақ пен қараны ажыратудың ең қарапайым тәсілін қолданған сыңайлы. Бұл жердегі ең маңызды нәрсе «қандай да бір әрекетті былай қойғанда, адам баласы жүзеге асырмаса да, әрбір ойы мен ниетіне сай, я сауабын, я жазасын алады» деген тұжырым болса керек.

«Тәржұманда» *бармақ* – قُجْرَب – *бармақ* лексемасы улу *бармақ* – وُلْا' *құжұрб* – бас бармақ, *суқ бармақ* – قُجْرَبْ قُئْس – *суқ саусақ*, *орта бармақ* – اَنْتْرَا' *құжұрб* – ортаңғы саусақ, *адсыз бармақ* – قُجْرَبْ زُئْسْ ذَا' *тіркестерінің құрамында кездеседі. Ал шынашақ атауы чықанақ* – قُئْا' قُئْى' *чычалақ* – قُئْا' *құжұрб* – нұсқаларында берілген екен.

баиш – شَاب – бас; *боғаз* – زَاغَب – бұғақ; *боғун* – نُوغُوْب – буын; *бойун* – نُوْب – мойын; *бойы* – يُوْب – бой, сұлба; *бурун* – نُوْب – мұрын; *бут* – طُب – бұт / бөксе; *быйық* – قِيْب – мұрт / мыйық; *білек* – كَلْب – қары – قِيْرَق – қары / қолдың қары; *дөс* – شُوْد – төс; *дудақ* – قُوْد – ерін – نَرَا – ерін; *ел* – لِيَا – қол; *емшек* – كُجْم – емшек / омырау; *еңсе* – اَسْكُنَا – еңсе, желке [10].

«Қазақ тілінің шығу тарихы» атты ұжымдық монографияда да «еңсе» сөзінің «Кодек Куманикуста» дәл осы «желке» мағынасында жұмсалатыны туралы дерек келтірілген:

Еңсе КК – еңсе, желке [11, б. 246].

Ал қазіргі тілімізде бұл сөздің «желке» деген мағынасы мүлдем ұмытылған, алайда «*еңсесіне мінді*» деген тұрақты тіркес құрамында бұл сөзді «желке» лексемасымен алмастыруға, яғни синоним ретінде қарастыруға болады деп ойлаймыз:

Еңсесіне мінді. *Мойындатты, жеңді.* Еңсеңе әлі-ақ бір күн *мінеді* – елу, Қазанның қара түнек бұлтындай-ақ (О. Шораяқов, Шайыр) [12, б. 321].

Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «еңсе» сөзінің үш мағынасы берілген:

ЕҢСЕ зат есім. 1. *Тұла бойы, дене, тұлға*; 2. *Тұрық, бой*; 3. *Өңір, аймақ*. [12, б. 319].

Жалпы қазіргі сөзжұмсамада «еңсе» сөзі атау тұлғасында дербес лексема ретінде сирек, ал ақын-жазушылар шығармаларында біршама жиірек жұмсалатыны байқалады. Сөздікте «еңсе» сөзінің қатысуымен жасалған мынадай тұрақты қолданыстар қамтылған:

Ел еңсесі көтерілді. *Ел-жұрт есін жиды, қалпына келді, тұрмыс-тіршілігін түзеді; Еңсе бермеді. Жігерін жасытпады, ұнжырғасы түспеді, мойымады; Еңсе көтерді. Бой түзеді, іргесі қаланды; Еңсенді биік ұста. Мойыма, өзіңді өзің қолыңа ал, уайымға салынба; Еңсесі биік. Тұрқы жоғары, озық; Еңсесі биік боз орда. Ауыз әдебиетінде хан, сұлтанның үй-жайы (байтағы) туралы айтылады... т.б.* [12, б. 319-321].

Сонымен, қазіргі кезде «еңсе» сөзінің атау ретінде семантикалық шеңбері біршама тарылғаны, бірақ фразеологиялық қорымызда белсенді жұмсалатыны байқалады. Мұны БАҚ мәтіндерінен де көруге болады:

«Қалай айтсақ та, ерке Есілдің жағасынан орын тепкен елордамыздың бүгінгі кескін-келбеті мен әлем алдындағы атақ-абыройы кез келген қазақстандық үшін мақтан етерлік жайт. Бұрынғы ата-бабаларымыздың жырларындағы «Еңсесі биік Ақ Орда» теңеуі бүгінгі Нұр-Сұлтан қаласына қай жағынан алып қарасақ та, әбден лайық...» дейді Е. Жүсіпов «Еңсесі биік Елорда – татулық бесігі» атты мақаласында [13]. Сайт материалының тақырыпаты батыр бабамыз Махамбеттің «*Еңсесі биік боз орда*, Еріксіз кірсем деп едім» деген өлең жолының үлгісімен перифразаланғанын көреміз.

«Китаб Тарджумандағы» соматизмдерге қайта оралайық: *йағрын* – نَرْغِي – жауырын; *йан* – نَى – жаны; *йаңақ* – قَاكَى – жақ; *йұжа* – اَجْوَى – арқа; *арқа* – اَقْرَا – арқа, жон арқа; *йүз* – زَى – жүз; *йұрмақ* – قَمْزَى – жұдырық; *йүнчүк* – كَوْجُنَى – аяқтың алдыңғы жағы; *көбек/гөбек* – كَبُوكْ – кіндік; *кіндік* – كِنْدُنْ – кіндік; *көз* – كُزْ – көз; *көз қапақы* – كُزْ – қарақаш / қабақ; *кірпік* – كِرْبِرْ – кірпік; *кіші* – كِشَى – кісі; *қарын* – نَرْقْ – қарын; *қарыш* – شَرْقْ – қарыс; *қаш* – شَاقْ – қас; *қол* – لُقْ – қол; *қолтуқ* – قُتْلُقْ – қолтық; *қулағ* – عُغْلُقْ – құлақ; *қулач* – قُجْلُقْ – құшақ / құлаш т.б. [10].

Сөздікте 20 сөз ішкі органдар атауы ретінде бөлек ұсынылған: *бағыр* – بَاغِي – бауыр; *бағырсақ* – بَاغِي سَاغْ – ішек, ішек-қарын; *бейн* – بَيْنْ – ми / мый; *бүрек* – بَيْرْ – бүйрек; *сүмук* – سُمُوكْ – мұрын шырышы; *йар* – رَى – сілекей; *йүрек* – يِرْ – жүрек (автор мұны адам сезінетін жүрек деп түсіндіреді); *кеуде* – كُودْ – кеуде; *көкрек* – كُОКْرЕКْ – көкірек; *көңіл* – КӨНІЛ – көңіл (адам сезінбейтін жүрек / сезімдер); *қан* – قَانْ – қан; *қарын* – نَرْقْ – қарын; *өйкән* – өйкән – өкпе; *өк* – өкпе; *өк* – өкпе; *өт* – өт; *өт* – өт; *сүңук* – سүңук – сүйек; *сіңір* – سІҢІР – сіңір; *талақ* – ТАЛАҚ – талақ; *тамар* – ТАМАР – тамыр; *тер* – ТЕР – тер [10].

«Китаб Тарджуман...» ескерткішінде кездесетін соматизмдердің басым бөлігі, аздаған дыбыстық айырмашылықтарымен қазіргі түркі тілдерінде жұмсалады. Бұған Қазақ әдеби тілінің сөздігіндегі, сондай-ақ туыс түркі тілдерінің сөздіктеріндегі нұсқалары дәлел бола алады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Бұл зерттеу жұмысы ҚР БЖҒМ Ғылым комитетінің AP08855781 гранты есебінен қаржыландырылды.

Қорытынды

Осылайша, жоғарыда айтылғандар негізінде мынадай тұжырым жасауға болады:

Тілдің сөздік қоры үнемі толығып, жаңарып отыратыны сияқты, кейбір атаулардың қолданыстан шығып, архаизмдер қатарына енуі де – даму заңдылығы. Заман ағымына сай көнерген сөздердің көпшілігі этнос жадынан мүлдем өшіп кетпейді, белгілі бір фразеологизмдер құрамында сақталады. Осындай тұрақты қолданыстар арқылы сандаған ғасыр бұрын өмір сүрген бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігін, жалпы өзін тануы мен айналасын зерделеу ерекшеліктерін болжамдап білуге, аялық білімін қалпына келтіруге болады. Ол үшін жазба ескерткіштер материалына жүгінудің маңызы зор.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 Қазақ тілінің шығу тарихы: Фонетика: Ұжымдық монография [Мәтін] / Жалпы ред. басқарған Б. Сағындықұлы. – 1-ші том, 1-ші кітап. – Алматы : «Алдоңғар» мәдениетті дамыту қоры, 2013. – 236 б.

2 **Қайдар, Ә.** Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік). Адам [Мәтін]. – Т.1. – Алматы : Дайк-Пресс, 2009. – 784 б.

3 **Хамизова, З. М.** Фразеологические единицы с компонентами «сердце», «голова», «душа» в кабардино-черкесском и английском языках (сопоставительный анализ): дис. на соиск. степ. канд. филол. наук: 10.02.02, 10.02.20 [Текст]. – М., 2007. – 147 с.

4 **Шейхова, Р. О.** Соматические фразеологические единицы с компонентами «голова» и «сердце» аварского языка в сопоставлении с русским (На материале бухнадинского говора анцухского диалекта): дис. на соиск. степ. канд. филол. наук: 10.02.20 [Текст]. – Махачкала, 2004. – 179 с.

5 **Абрамова, А. Г.** Фразеологические единицы с компонентами-соматизмами в разноструктурных языках (На материале русского и чувашского языков): дис. на соиск. степ. канд. филол. наук: 10.02.20 [Текст]. – Чебоксары, 2005 – 181 с.

6 **Нұржанова, А. Б.** Дүниенің қарабайыр бейнесі: фразеологиялық фрагменттің соматикалық коды: филол. ғыл. канд. ... автореф.: 10.02.02 [Мәтін]. – Астана, 2010. – 25 б.

7 Houtsma, M. Th. Ein türkisch-arabisches Glossar [Text]. – Leiden : Brill, 1894. – 114 p.

8 **Қурышжанов, А. К.** Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабский словарь» [Текст]. – Алма-Ата, 1970. – 234 с.

9 **Ғаркавец, А. Н.** Китаб-и Маджму' -и Тарджуман-и Турки ва 'Аджами ва Мугали ва Фарси. «Сводная книга переводчика по-тюркски, и по-персидски, и по-монгольски, и на фарси» Халила бин Мухаммада бин Йусуфа ал-Кунави / При участии О. О. Туякбаева [Текст]. – Алматы : Баур, 2019. – 600 с.

10 **Топарlı, R.** Kitāb-ı Mecmū'ı Tercümân-ı Türkî ve 'Acemî ve Muğalî [Text]. – Ankara : Türk Dil Kurumu, 2000. – 165 p.

11 Қазақ тілінің шығу тарихы: Фонетика: Ұжымдық монография [Мәтін] / Жалпы ред. басқарған Б. Сағындықұлы. – 1-ші том, 2-ші кітап. – Алматы : «Алдоңғар» мәдениетті дамыту қоры, 2013. – 348 б.

12 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық [Мәтін]. – 5-ші том. – Алматы, 2011. – 752 б.

13 **Жүсіпов, Е.** Еңсесі биік Елорда – татулық бесігі [Электронды ресурс]. – Қатынау режимі: <https://muslim.kz/article/ensesi-biik-elorda-tatulyq-besigi>

References

1 Qazaq tilinin shygu tarihy: Fonetika: Uzhyndyq monografia [History of the Kazakh language: Phonetics: Collective monograph] [Text] / B. Sagyndyquly. – Vol. 1, Issue 1. – Almaty : «Aldongar» Fund of Culture Development, 2013. – 236 p.

2 **Qaydar, A.** Qazaqtar ana tili aleminde (etnolingvistikalıyq sozdik) Adam [Kazakhs in the world of the native language (ethnolinguistic dictionary). Human] [Text]. – Vol.1. – Almaty : Daik-Press, 2009. – 784 p.

3 **Khamizova, Z. M.** Frazеологичесkiye yedinity s komponentami «serdtse», «golova», «dusha» v kabardino-cherkesskom i angliyskom yazykakh (sopostavitel'nyy analiz): dis. na soisk. step. kand. filol. nauk: 10.02.02, 10.02.20 [Phraseological units with the components «heart», «head», «soul» in the Kabardino-Circassian and English languages (comparative analysis): dissertation for the degree of Cand. of Philol. Sci.: 10.02.02, 10.02.20] [Text]. – Moscow, 2007. – 147 p.

4 **Sheykhova, R. O.** Somaticheskie frazeologicheskie edinity s komponentami «golova» i «serdtse» avarskogo yazyka v sopostavlenii s russkim (Na materiale bukhnadinskogo govora antsukhskogo dialekta): dis. na soisk. step. kand. filol. nauk: 10.02.20 [Somatic phraseological units with the «head» and «heart» components of the Avar language in comparison with Russian (Based on the Bukhnadin dialect of the Antsukh dialect): dissertation for the degree of Cand. of Philol. Sci.: 10.02.20] [Text]. – Makhachkala, 2004. – 179 p.

5 **Abramova, A. G.** Frazеологичесkiye yedinity s komponentami-somatizmami v raznostrukturnykh yazykakh (Na materiale russkogo i chuvashskogo yazykov): dis. na soisk. step. kand. filol. nauk: 10.02.20 [Phraseological units with somatism components in different structured languages (On the material of the Russian and Chuvash languages): dissertation for the degree of Cand. of Philol. Sci.: 10.02.20] [Text]. – Cheboksary, 2005 – 181 p.

6 **Nurzhanova, A. B.** Dunienin qarabaiyr bejnisi: frazeologialyq fragmentin somatikalyq kody: filol. gyl. kand. ... avto-ref.: 10.02.02 [Primary image of the world: somatic code of the phraseological fragment: abstract ... Cand. of Philol. Sci.: 10.02.02] [Text]. – Astana, 2010. – 25 p.

7 Houtsma, M. Th. Ein türkisch-arabisches Glossar [Text]. – Leiden : Brill, 1894. – 114 p.

8 **Kuryshzhanov, A. K.** Issledovanie po leksike starokypchakskogo pismennogo pamiatnika XIII v. «Turksko-arabskii slovar» [Research on the vocabulary of the old Kipchak written monument of the 13th century «Turkic-Arabic Dictionary»] [Text]. – Alma-Ata, 1970. – 234 p.

9 **Garkavets, A. N.** Kitab-i Madzhmu'-i Tardzhuman-i Turki va 'Adzhami va Mugali va Farsi. «Svodnaya kniga perevodchika po-turkski, i po-persidski, i

po-mongolski, i na farsi» Khalila bin Mukhammada bin Yusufa al-Kunavi [Kitab-i Madzhmu‘-i Tardzhuman-i Turki va ‘Adzhami va Mugali va Farsi. «Summary book of the translator of Turkic, and Persian, and Mongolian, and Farsi» of Khalil bin Mukhammad bin Yusuf al-Kunavi] / With participation of O. O. Tuiakbaiev [Text]. – Almaty : Baur, 2019. – 600 p.

10 **Toparli, R.** Kitāb-ı Mecmū‘ı Tercümân-ı Türkî ve ‘Acemî ve Muğali [Text]. – Ankara : Türk Dil Kurumu, 2000. – 165 p.

11 Qazaq tilinin shygu tarihy: Fonetika: Uzhymdyq monografia [History of the Kazakh language: Phonetics: Collective monograph] [Text] / B. Sagyndyquly. – Vol. 1, Issue 2. – Almaty : «Aldongar» Fund of Culture Development, 2013. – 348 p.

12 Qazaq adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyq [Dictionary of the Kazakh literary language. Of 15 volumes] [Text]. – Vol. 5. – Almaty, 2011. – 752 p.

13 **Jusipov, E.** Ensesi bijik Elorda – tatulyq besigi [The capital is a cradle of peace] [Electronic resource]. – Access mode: <https://muslim.kz/article/ensesi-biik-elorda-tatulyq-besigi>

Материал 08.09.22 баспаға түсті.

*Б. М. Сүйеркул¹, М. А. Уайханова²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы;

²Торайғыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 08.09.22.

СОМАТИЗМЫ В «ТАРДЖУМАНЕ» И ИХ ОТРАЖЕНИЕ В НАШЕМ СОВРЕМЕННОМ ФРАЗЕОЛОГИЧЕСКОМ ФОНДЕ

Язык, являющийся неотъемлемой частью жизни общества, можно назвать зеркалом истории человечества. Это связано с тем, что языковые единицы сталкиваются с изменениями и новшествами на каждом этапе развития этноса. Информацию, касающуюся многих предметов и явлений, вышедших из употребления в соответствии с течением времени, мы узнаем из их сохранившихся в языке названий. Особенно из всех живых существ, выделяя человека, можно было бы спросить: «Кто?» если мы обратим внимание на письменное наследие тюркских народов, то получим много интересного. Языковые данные, содержащиеся в нем, играют важную роль в контексте изучения языка в направлении познания самого человека, использующего его,

в соответствии с антропоинформационной парадигмой, которая в современной науке является приоритетной.

Изучение соматизмов, относящихся к основной части словарного состава, важно не только для лингвистов, но и для соискателей в области медицины, физиологии, психологии, антропологии, археологии. Дело в том, что в различных фразеологических, паремиологических единицах, созданных с участием соматизмов, в той или иной степени отражается наш национальный менталитет, наше мировоззрение с многовековой историей. Также рассмотрение устойчивых выражений, созданных посредством соматизмов, как данных, отражающих богатство нашего языка, свидетельствует об актуальности темы статьи. В связи с этим автор поставил цель сопоставить соматизмы в средневековом памятнике письменности «Китаб Тарджуман» с материалом современного казахского языка.

В статье дается лексико-семантическая характеристика соматизмов, встречающихся в письменном памятнике, анализируются их варианты в современном казахском языке, сопоставляются устойчивые словосочетания, созданные с их участием.

Ключевые слова: «Тарджуман», письменность, соматизм, фразеологизм, устойчивое словосочетание.

*B. Suiyerkul¹, M. Uaikhanova²

¹ al-Farabi Kazakh National University,
Republic of Kazakhstan, Almaty;

²Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 08.09.22.

SOMATISMS IN «TARJUMAN» AND THEIR REFLECTION IN OUR MODERN PHRASEOLOGICAL FUND

Language, which is an integral part of the life of society, can be called a mirror of the history of mankind. This is due to the fact that linguistic units are faced with changes and innovations at each stage of the development of an ethnos. Information concerning many objects and phenomena that have fallen into disuse in accordance with the passage of time, we learn from their names preserved in the language. Especially from all living beings, singling out a person, one could ask: «Who?» If we pay attention to the written heritage of the Turkic peoples, we will get a lot of interesting things. The linguistic data contained in it play an important role in the

context of language learning in the direction of cognition of the person using it, in accordance with the anthropo-informational paradigm, which is a priority in modern science.

The study of somatisms related to the main part of the vocabulary is important not only for linguists, but also for applicants in the field of medicine, physiology, psychology, anthropology, archeology. The fact is that in various phraseological, paremiological units created with the participation of somatisms, our national mentality, our worldview with a long history is reflected to one degree or another. Also, the consideration of set expressions created by means of somatisms as data reflecting the richness of our language indicates the relevance of the topic of the article. In this regard, the author set a goal to compare the somatisms in the medieval written monument «Kitab Tarjuman» with the material of the modern Kazakh language.

The article gives a lexical-semantic characteristic of somatisms found in a written monument, analyzes their variants in the modern kazakh language, compares set phrases created with their participation.

Keywords: «Tarjuman», writing, somatism, phraseological unit, set phrase.

Теруге 08.09.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,57 МБ RAM

Шартты баспа табағы 18,53. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. К. Оразалинова

Тапсырыс № 3975

Сдано в набор 08.09.2022 г. Подписано в печать 30.09.2022 г.

Электронное издание

2,57 МБ RAM

Усл. печ. л. 18,53. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. К. Оразалинова

Заказ № 3975

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz